

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне зияткерлік меншік мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 12 қаңтардағы Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2012 жылғы 3 ақпандағы № 24-ө Өкімі

1. Қоса беріліп отырған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне зияткерлік меншік мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 12 қаңтардағы Заңын іске асыру мақсатында қабылдануы қажет нормативтік құқықтық актілердің тізбесі (бұдан әрі – тізбе) б е к і т і л с і н .

2. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі:

1) тізбеде көрсетілген нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлесін және белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Үкіметіне бекітуге енгізісін;

2) тиісті ведомстволық нормативтік құқықтық актілерді қабылдасын және Қазақстан Республикасының Үкіметін қабылданған шаралар туралы хабардар етсін.

Премьер-Министр

К. Мәсімов

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

П р е м ь е р - М и н и с т р і н і ң

2 0 1 2

ж ы л ғ ы

3

а қ п а н д а ғ ы

№

2 4 - ө

ө к і м і м е н

бекітілген

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне зияткерлік меншік мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 12 қаңтардағы Заңын іске асыру мақсатында қабылдануы қажет нормативтік құқықтық актілердің тізбесі

Р/с №	Нормативтік құқықтық актінің атауы	Актінің нысаны	Орындауға жауапты мемлекеттік орган	Орындау мерзімі
1	2	3	4	5
1.	«Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген өнертапқышы» атағын беру қағидаларын бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	Әділетмині	2012 жылғы ақпан
2.	Құпия өнеркәсіптік меншік объектілерімен жұмыс істеу қағидаларын бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	Әділетмині	2012 жылғы ақпан

3.	Өнеркәсіптік меншік объектілеріне өзгеге беру шартын тіркеу туралы өтініш нысанын бекіту туралы	Бұйрық	Әділетмині	2012 жылғы ақпан
4.	Өнеркәсіптік меншік объектілерін пайдалануға арналған лицензиялық шарттарды немесе сублицензиялық шарттарды тіркеу туралы өтініш нысанын бекіту туралы	Бұйрық	Әділетмині	2012 жылғы ақпан
5.	«Апелляциялық кеңестің кейбір мәселелері туралы» Әділет министрінің 2010 жылғы 12 наурыздағы № 81 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы	Бұйрық	Әділетмині	2012 жылғы ақпан
6.	Аттестациялық комиссияның шешімінің нысанын бекіту туралы	Бұйрық	Әділетмині	2012 жылғы ақпан
7.	Апелляциялық комиссия туралы ережені бекіту туралы	Бұйрық	Әділетмині	2012 жылғы ақпан
8.	Инновациялық патенттің және өнертабысқа патенттің, пайдалы модель мен өнеркәсіптік үлгіге патенттің қолданылу мерзімін ұзарту ережесін бекіту туралы	Бұйрық	Әділетмині	2012 жылғы ақпан
9.	«Өнеркәсіптік меншік объектілерін құқықтық қорғаудың кейбір мәселелері» туралы Әділет министрінің м.а. 2010 жылғы 23 сәуірдегі № 136 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы	Бұйрық	Әділетмині	2012 жылғы ақпан
10.	Қазақстан Республикасында тауар таңбасын (қызмет көрсету таңбасын) жалпыға бірдей белгілі деп тану жөніндегі комиссия туралы ережені бекіту туралы	Бұйрық	Әділетмині	2012 жылғы ақпан
11.	«Авторлық құқық пен сабақтас құқықтардың кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Әділет министрінің м.а. 2010 жылғы 22 сәуірдегі № 131 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы	Бұйрық	Әділетмині	2012 жылғы ақпан
12.	Авторлық құқықпен қорғалатын туындыларға құқықтарды тіркеуге берілетін өтініштің нысандарын, авторлық құқық объектісіне құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің нысанын бекіту туралы	Бұйрық	Әділетмині	2012 жылғы ақпан
13.	Өнеркәсіп үлгісіне өтінімді жасау, ресімдеу және қарау, мәліметтерді Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік үлгілерінің мемлекеттік тізіліміне енгізу, сондай-ақ қорғау құжатын беру ережесін бекіту туралы	Бұйрық	Әділетмині	2012 жылғы ақпан

14.	Қазақстан Республикасы Әділет министрінің кейбір бұйрықтарының күші жойылды деп тану туралы	Бұйрық	Әділетмині	2012 жылғы ақпан
-----	---------------------------------------------------------------------------------------------	--------	------------	------------------

Ескертпе: аббревиатураның толық жазылуы:

Әділетмині - Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК